

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ ПРОЦЕСІНДЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Исатайқызы Бибінүр
bibiisataeva9@mail.ru

7M01101 - Педагогика және психология білім бағдарламасының ІІ курс магистранты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор - Койшигулова Л.Е.

Аңдатпа. Мақалада жоғары оқу орны студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделу үдерісі барысында академиялық адалдықты қалыптастырудың психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Университет ортасына бейімделу кезеңі студенттердің тұлғалық дамуы мен оқу іс-әрекетіне тікелей әсер ететін күрделі әлеуметтік-психологиялық процесс ретінде сипатталып, оның мотивациялық факторлары талданады.

Сонымен қатар, қазіргі цифрлық білім беру жағдайында және жасанды интеллект технологияларының кең таралуы контекстінде академиялық адалдық мәселесінің өзектілігі айқындалады. Студенттердің ақпаратты пайдалану мәдениеті, академиялық жауапкершілігі және плагиатқа қатынасы олардың ішкі мотивациясы мен моральдық құндылықтарымен тығыз байланыста қарастырылады. Академиялық адалдықты қалыптастырудың психологиялық негіздері ретінде өзін-өзі бақылау, жауапкершілік сезімі, ішкі мотивация және этикалық ұстанымдардың рөлі айқындалады.

Кілт сөздер: әлеуметтік бейімделу, академиялық адалдық, студент, психологиялық факторлар, мотивация, өзін-өзі бақылау.

Кіріспе

Орта мектептен жоғары оқу орнына өту – тұлғаның өміріндегі маңызды әрі күрделі кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл кезең академиялық ортаның өзгеруімен қатар, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу, жаңа рөлдерді меңгеру және тұлғалық дамудың жаңа деңгейіне көтерілумен сипатталады. Университетке түсу көптеген жастар үшін өмірдің жаңа кезеңіне қадам басу болып табылады және ол бірқатар мүмкіндіктермен қатар, бейімделу қиындықтарын да қамтиды.

Бірінші курс студенттерінің университеттік оқу процесіне әлеуметтік-психологиялық бейімделуі олардың академиялық жетістіктері мен жалпы әл-ауқатының негізін қалайды. Бұл үдеріс әлеуметтік және психологиялық факторлардың өзара ықпалы арқылы жүзеге асады. Әлеуметтік бейімделу жаңа ортаға кірігу, қарым-қатынас орнату және университет өміріне қатысумен байланысты болса, психологиялық бейімделу стрессті басқару, уақытты тиімді пайдалану және ішкі ресурстарды дамыту арқылы көрінеді.

Алайда бірінші курс студенттері академиялық талаптардың артуы, өзіндік оқу дағдыларының жеткіліксіздігі, әлеуметтік байланыстардың өзгеруі және психологиялық қысым сияқты қиындықтарға жиі тап болып жатады. Осыған байланысты әлеуметтік - психологиялық бейімделу студенттердің оқу үдерісіне табысты кірігуінің маңызды шарты болып табылады.

Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында бұл мәселе жаңа мазмұнға ие болуда. Әсіресе жасанды интеллект құралдарының кең таралуы академиялық адалдық мәселесінің өзектілігін арттырады. Академиялық адалдық студенттің жауапкершілігін, дербестігін және білім алу барысындағы этикалық ұстанымдарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және оның әлеуметтік – психологиялық бейімделумен тығыз байланысты.

Әдебиеттерге шолу

Студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселесі көптеген зерттеулерде қарастырылған. Ғалымдардың пікірінше, бұл процесс көпқырлы және әлеуметтік,

академиялық және психологиялық факторлардың өзара байланысы арқылы жүзеге асады.

Ғылыми еңбектерінде Т.Тинто студенттердің университетке бейімделуінде әлеуметтік интеграцияның маңыздылығын атап көрсетеді. Оның теориясы бойынша, студенттердің оқу орнында қалыптасуы оның академиялық жетістігімен қатар әлеуметтік ортаға қаншалықты кіріге алғанына байланысты деп атап көрсетті [1]. А.Астиннің зерттеулерінде студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуы олардың дамуына оң әсер ететінін атап өтсе, Паскарелла мен Теренцини әлеуметтік байланыстар мен университеттік өмірге қатысу бейімделуді жеңілдететін маңызды шарт екенін дәлелдеген [2]. Чикеринг пен Рейсер студенттің академиялық дамуын оның тұлғалық өсуімен тығыз байланыстырады [3]. Бұл бағыттағы зерттеулер университеттерде академиялық қолдауды күшейту, соның ішінде бағдарлау бағдарламалары мен кеңес беру қызметтерін дамыту қажеттігін көрсетеді.

Теориялық және аналитикалық талдау студенттердің жоғары білім беру жүйесіне бейімделуінің бірнеше негізгі аспектілерін анықтауға мүмкіндік береді. Біріншіден, Л.Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясына сүйене отырып, әлеуметтік қолдау желілері, соның ішінде құрдастары, топтары мен оқытушылардың тәлімгерлігі бейімделу процесін жеңілдетуге көмектесе алатыны анық. Тиісті қолдаусыз студенттер көбінесе стресстің жоғарлауын, мотивацияның төмендеуін және оқшаулану сезімін сезінеді, әсіресе оқудың бірінші жылында [4].

Екіншіден, Э.Эриксонның психоәлеуметтік тұжырымдамасы университетте оқу кезеңінде жеке тұлғаны қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Студенттердің алдында академиялық құзіреттілікті дамыту және сонымен бірге жеке өсу мен әлеуметтік рөлдер мәселелерін бағдарлау сияқты екі жақты міндет тұр. Бұл қос қысым психологиялық мәселелерге, соның ішінде мазасыздық пен өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкелуі мүмкін [5]. Жалпы алғанда, зерттеулер әлеуметтік, академиялық және психологиялық факторлардың өзара байланысы студенттердің университеттік ортаға табысты бейімделуінде шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Бірінші курс студенттерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі туралы әдебиеттер табысты бейімделу күрделі және көп қырлы процесс екенін көрсетеді. Бұл тек оқуға бейімделу мен қатысуды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік медианы, психологиялық тұрақтылықты және тиімді күресу стратегияларын дамытуды қамтиды.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделудің құрылымы мен мазмұны

Әлеуметтік – психологиялық бейімделу көпқырлы процесс ретінде бірнеше өзара байланысты компоненттерден тұрады. Олар студенттің жаңа ортада тиімді әрекет ету қабілетін айқындайды.

Біріншіден, әлеуметтік компонент студенттің топқа енуі, құрдастарымен және оқытушыларымен қарым-қатынас орнатуы, университеттік орта нормаларын қабылдауы арқылы көрінеді. Бұл компонент студенттің әлеуметтік қолдау жүйесінің қалыптасуына негіз болады.

Екіншіден, психологиялық компонент тұлғаның эмоционалдық тұрақтылығымен, өзін-өзі реттеу дағдыларымен және стресс жағдайларына төзімділігімен сипатталады. Университетке алғаш келген студенттерде мазасыздық, сенімсіздік және бейімделу қиындықтары жиі байқалады, сондықтан олардың ішкі ресурстарын дамыту маңызды болып табылады.

Үшіншіден, академиялық компонент студенттің оқу әрекетіне бейімделумен, өздігінен білім алу дағдыларын меңгерумен және оқу мотивациясының қалыптасуымен байланысты.

Осы компоненттердің үйлесімді дамуы студенттің университеттік ортаға табысты бейімделуін қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдықтың мазмұны және оның психологиялық негіздері

Академиялық адалдық – білім алушының оқу процесіндегі шынайылықты, әділдікті және жауапкершілікті сақтауға бағытталған мінез-құлық нормаларының жүйесі. Ол студенттің тек сыртқы талаптарды орындауымен ғана емес, оның ішкі құндылықтары мен моральдық ұстанымдарының қалыптасуымен анықталады. Осы тұрғыда алғанда, академиялық

адалдықтың қалыптасуы студенттің тұлғалық, мотивациялық және психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысты болады. Бұл үдерісте оқу мотивациясы, тұлғалық қасиеттер, өзін-өзі реттеу дағдылары, эмоциялық күй, сондай-ақ этикалық сенімдер мен әлеуметтік орта маңызды рөл атқарады. Аталған факторлар студенттің мінез-құлқына екіжақты әсер етіп, бір жағынан академиялық адалдықты нығайтса, екінші жағынан оның бұзылуына алып келуі мүмкін. Осыған байланысты, академиялық адалдыққа әсер ететін психологиялық факторлар төмендегі кестеде адалдықты күшейтетін және оған қарсы ықпал ететін аспектілер тұрғысынан қарастырылады (1-кесте).

Кесте-1. Академиялық адалдыққа әсер ететін психологиялық факторлардың екіжақты сипаты

№	Психологиялық фактор	Адалдықты күшейтетін жақтары	Адалдыққа қарсы тәуекелдер
1	Оқу мотивациясы	Ішкі мотивация (танымдық қызығушылық, өзін-өзі дамыту) академиялық адалдықты нығайтады	Сыртқы мотивация (жоғары бағаға ұмтылу, қысым) академиялық алдауға бейімділікті арттырады
2	Тұлғалық қасиеттер	Ынтымақтастыққа бейімділік, эмоциялық тұрақтылық,	Импульсивтілік, жауапкершіліктің төмендігі,

		ұқыптылық адал мінез – құлықты қолдайды	бәсекелестікке шамадан тыс бағдарлану адалдықты бұзуға әкелуі мүмкін
3	Өзін-өзі реттеу, тайм-менеджмент	Жақсы жоспарлау, уақытты тиімді басқару, өзін-өзі бақылау адалдықты сақтауға ықпал етеді	Нашар жоспарлау, жоғары стресс плагиат пен көшіруді күшейтеді
4	Эмоциялық күй және стресс	Эмоциялық тұрақтылық, күйзелісті басқару дағдылары адал шешім қабылдауға көмектеседі	Жоғары стресс, мазасыздық, бейімделу қиындығы академиялық нормаларды бұзуға итермелейді
5	Этикалық сенімдер, құндылықтар	Адалдықты құндылық ретінде қабылдау, ішкі моральдық принциптер адал мінез-құлықты қалыптастырады	Құндылықтардың әлсіздігі, нормаларды ақтау адалдықтың бұзылуына әкеледі
6	Топ-нормалары, қауымдастық сезімі	Топта адалдық нормаларының қалыптасуы, қауымдастық сезімі жауапкершілікті арттырады	Теріс топ нормалары (көшіруді қалыпты деп қабылдау) академиялық алдауды күшейтеді

Аталған психологиялық факторлар жеткілікті деңгейде қалыптаспаған жағдайда студенттердің академиялық адалдық нормаларының бұзылуы байқалуы мүмкін. Сондықтан оны қалыптастыру бейімделу кезеңінен бастап жүйелі түрде ұйымдастырылуы тиіс. Сонымен қатар, академиялық адалдықты тек сыртқы бақылау мен талаптардың нәтижесі ретінде емес, студенттің ішкі қалыптасқан құндылықтары мен моральдық ұстанымдырынан негізделген тұрақты тұлғалық сапа ретінде қарастыру маңызды.

Бейімделу кезіндегі негізгі психологиялық детерминанттар. Академиялық адалдық ұғымымен қатар академиялық тұтастық ұғымы да білім беру үдерісінде өзара тығыз байланыста қарастырылады. Академиялық тұтастық – студенттердің оқу және ғылыми қызметінде этикалық нормаларды ұстануы, өз еңбегін адал орындауы, ақпарат көздерін дұрыс пайдаланып, плагиатқа жол бермеуімен сипатталатын құндылықтар жүйесі. Академиялық тұтастық құрылымында төр негізгі компонент ажыратылады:

- 1) Аксиологиялық және мотивациялық компонент - Құндылық бағдарларын, сенімдерін, нұсқауларын және студенттердің оқуға деген ынтасының жүйесін сипаттайды;
- 2) Танымдық компонент – білім алушылардың академиялық мінез-құлқын және оқу процесіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін құқықтық және этикалық нормаларды, қағидаларды, заңдарды білу мен түсінуді қамтиды;
- 3) Жеке тұлғалық компонент - тұлғаның негізгі қасиеттерінен, қабілеттерінен, жүйке жүйесінің қасиеттерінен, өзі-өзі бағалау мен ұмтылыс деңгейінен, бақылаудан тұрады;
- 4) Мінез – құлық компоненті - білім алушының академиялық адалдық негізінде оқу іс-әрекетін орындау дағдылары мен әдеттерін сипаттайды

Осы компоненттердің дамуы студенттің жоғары оқу орнына бейімделу кезеңінде ерекше маңызды болып табылады, себебі дәл осы кезеңде академиялық адалдыққа әсер ететін негізгі психологиялық факторлар қалыптасады.

Қалыптастыру стратегиялары:

- Кешенді тәрбиелік модельдер – адалдық туралы міндетті модульдер, жазалауға емес, түсіндіруге негізделген педагогика, оқу бағдарламасына енгізу студенттің жауапкершілігін және ішкі құндылықтарын қалыптастырады.
- Интерактивті оқыту – жобалық тапсырмалар, рефлексия, кейс-талдау арқылы студенттердің танымдық және мінез-құлықтық компоненттері дамиды, адал және адал емес әрекеттерді түсіну қалыптасады.
- Қолдаушы орта – оқытушының әділдігі мен үлгі болуы, айқын ережелер мен бірізді талаптар студенттің құндылықтық және тұлғалық компоненттерін күшейтеді.
- Ерте кезеңге бағдар – бірінші курс бейімделу кезеңі ең осал кезең болғандықтан,

арнайы тренингтер мен академиялық жазу дағдыларын дамыту тұтастықтың барлық компоненттерін жүйелі қалыптастыруға ықпал етеді.

Аталған стратегиялар студенттердің академиялық адалдығын қалыптастырудың тиімді тетіктері ретінде қарастырылады және олардың тұлғалық, мотивациялық әрі мінез – құлықтық дамуына кешенді әсер етеді. Қазіргі зерттеулер академиялық адалдықтың студенттің болашақтағы этикалық мінез-құлқымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бұл тұжырым академиялық адалдықты тек оқу процесінің элементі ретінде емес, тұлғаның жалпы моральдық дамуының негізі ретінде қарастыру қажеттігін айқындайды [6].

Жоғарыда қарастырылған академиялық адалдыққа әсер ететін психологиялық факторлар студенттердің міне-құлқына тікелей ықпал етеді. Осы факторлар оң бағытта дамуын қамтамасыз ету академиялық адалдықты қалыптастырудың негізгі шарты болып табылады. Осыған байланысты академиялық адалдықты тиімді қалыптастыру үшін келесі психологиялық – педагогикалық шарттарды жүзеге асыруы қажет (2-кесте).

Кесте – 2 . Академиялық адалдықты қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары

№	Шарттар	Қысқаша мазмұны	Қандай факторлармен байланысты
1	Студенттердің бейімделу процесін қолдау	Бейімделу бағдарламалары, тренингтер, ерте кезеңдегі қолдау студенттердің жаңа ортаға интеграциялануын жеңілдетеді, стрессті азайтады	Эмоциялық күй, стресс, әлеуметтік орта
2	Психологиялық қызметтің жұмысын күшейту	Стресс басқару, мотивацияны дамыту, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру	Оқу мотивациясы, өзін-өзі реттеу
3	Әділ және ашық бағалау жүйесі	Оқытушылардың объективті бағалауы студенттердің сенімін арттырып, ішкі мотивацияны күшейтеді.	Оқу мотивациясы, құндылық
4	Академиялық мәдениетті дамыту	Түсіндіру, алдын-алу жұмыстары, адалдық нормаларын насихаттау	Этикалық сенімдер, құндылықтар
5	Өзін - өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру	Уақытты басқару, жоспарлау, рефлексия, жауапкершілік	Өзін – өзі реттеу, тұлғалық қасиеттер

Аталған шарттар бейімделу кезеңіндегі психологиялық факторлармен өзара тығыз байланыста жүзеге асады және бірін-бірі толықтырып отырады. Олардың жүйелі түрде енгізілуі студенттердің академиялық адалдығы мен тұтастығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс тек сыртқы бақылау мен талаптарға негізделмей, студенттің ішкі құндылықтары мен моральдық ұстанымдарына сүйенген кешенді педагогикалық ықпал ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытынды

Қорытындылай келе, студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі мен академиялық адалдықты қалыптастыру өзара тығыз байланысты үдерістер болып табылады. Жаңа оқу ортасына енген бірінші курс студенттері әлеуметтік және академиялық талаптарға бейімделу барысында мотивациялық, эмоционалдық және когнитивтік қиындықтарға тап болады. Осы кезеңде әлеуметтік орта, оқытушылардың қолдауы және топтық нормалар студенттің академиялық мінез-құлқына тікелей ықпал етеді.

Әлеуметтік ортаға табысты бейімделген студенттердің оқу мотивациясы жоғары болып, олар академиялық нормаларды саналы түрде сақтауға бейім келеді. Керсінше, бейімделу үдерісі жеткіліксіз болған жағдайда стресс, сенімсіздік және оқу жүктемесін дұрыс жоспарлай алмау сияқты факторлар академиялық адалдық қағидаларын бұзу тәуекелін арттыруы мүмкін.

Сондықтан жоғары оқу орындарында студенттердің бейімделуін қолдауға бағытталған кешенді психологиялық- педагогикалық жұмыстар жүргізу, сондай-ақ академиялық адалдық мәдениетін жүйелі түрде қалыптастыру білім беру сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады. Бұл үдеріс тек сыртқы бақылауға емес, студенттің ішкі құндылықтары мен жауапкершілік сезімін дамытуға негізделуі тиіс.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Этезова М.М., Нагов, Б. Б. Психологическая адаптация первокурсников к условиям вузовского обучения // Мир науки. – 2016. – Т. 4, № 6. – С. 1–7. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskaya-adaptatsiya-pervokursnikov-k-usloviyam-vuzovskogo-obucheniya>
2. Таов Р.Х., Кумахова, Л. Б. Психология личности первокурсника: проблемы адаптации в университете // Экономика и социум. – 2019. – № 12(67). – С. 971–976. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologiya-lichnosti-pervokursnika-problemy-adaptatsii-v-universitete>
3. Егизарян Л.С. Психологическая адаптация первокурсников в студенческой среде // Гуманитарные исследования. – 2016. – Т. 2, № 4. – С. 222–234. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskaya-adaptatsiya-pervokursnikov>
4. Смолина Д.М., Зорина, И. Г. Социально-психологические особенности первокурсников // Южно-Уральский государственный медицинский университет. – 2022. – 6 с. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialno-psihologicheskie-osobennosti-pervokursnikov>
5. Муртазина И.Р. Психологические особенности студентов-первокурсников // Вестник СПбГУ. – 2014. – Вып. 2. – С. 67–75. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-osobennosti-studentov-pervokursnikov>
6. Толканюк, З. А. Социально-психологическая адаптация студентов // Гуманитарные Балканские исследования. – 2019. – Т. 3, № 2(4). – С. 79–84. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialno-psihologicheskaya-adaptatsiya-studentov>
7. Macfarlane B., Zhang, J., Pun, A. Academic integrity: a review of the literature // Studies in Higher Education. – 2014. – Vol. 39, № 2. – P. 339–358.
8. Newton P. Academic integrity: a quantitative study of student behavior // Assessment & Evaluation in Higher Education. – 2018. – Vol. 43. – P. 1–15.
9. Бакірова В.С. Академічна доброчесність як складова якості освіти // Освітологічний дискурс. – 2018. – № 1. – С. 45–52.
10. Гнезділова К.М. Формування академічної доброчесності у студентів // Педагогіка і психологія. – 2016. – № 3. – С. 112–118.
11. Рижко О.В. Академічна доброчесність як фактор розвитку освіти // Вища освіта України. – 2017. – № 2. – С. 55–60.